ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 6 қазан №5265-23-00-2/2308 іс Шымкент қаласы.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасның шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (әрі қарай – Емхана, ШЖҚ «№7 қалалық емханасы» МКК)

ЖАУАПКЕР:
«БНБ-С» жауапкершілік шектеулі серіктестік (әрі қарай- ЖШС, Серіктестік)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасның ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК-ның талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«БНБ-С» ЖШС-гі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«БНБ-С» ЖШС-нен (БСН 070 340 015 030) Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасның ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК-ның пайдасына тұрақсыздық айыппұл 9 600 (тоғыз мың алты жүз) теңге, мемлекеттік баж салығы 288 (екі жүз сексен сегіз) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 06.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 14.11.2023
5265-23-3-1/2599

«БНБ-С» ЖШС-нен (БСН 070 340 015 030) мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Жолбарыс

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 06.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 14.11.2023

5265-23-3-1/2599